

Пайдалану бойынша нұсқаулық

Батырма құймақ пісіргіш
BLN-3

DEXP

Мазмұны

Құрылғының мақсаты	4
Сақтық шаралары	4
Техникалық сипаттамалар	5
Құрылғының сұлбасы	5
Пайдалану нұсқаулығы	6
Қызмет көрсету және күтім жасау.....	6
Сақтау	6
Монтаждау, сақтау, тасымалдау (көлікпен), сату және кәдеге жарату ережелері және шарттары	7
Қосымша ақпарат	8

Құрметті сатып алушы!

Біздің өнімді таңдағаныңыз үшін алғыс айтамыз. Сізге сапаға, функционалдылыққа және дизайнға арнап қойылатын жоғары талаптарға сәйкес әзірленген және жасалған бұйымдарды және құрылғыларды ұсынғанымызға қуаныштымыз. Пайдаланар алдында қауіпсіздігіңізге қатысты маңызды ақпаратты, сондай-ақ осы өнімді дұрыс пайдалану және оған күтім жасау бойынша ұсыныстарды қамтитын осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз. Осы Нұсқаулықты күтім ұстаңыз және өнімді болашақта пайдаланғанда оны анықтамалық материал ретінде пайдаланыңыз.

Құрылғының мақсаты

Құймақ пісіргіш — құймақ пісіруге арналған құрылғы.


Сақтық шаралары

- Құрылғыны іске қоспас бұрын, онда көрсетілген кернеу жергілікті жерге тұйықталған электр желісінің кернеуіне дәл сәйкес келетініне көз жеткізіңіз.
- Құрылғыны жұмыс кезінде қолданған кезде аса абай болыңыз, ондағы кейбір элементтері жоғары температураға дейін қызады. Арнайы ұстау қолғаптарын қолданыңыз, құрылғыны тек осы мақсатқа арналған тұтқадан ғана ұстаңыз.
- Құрылғыны және оның қуаттау сымын қыздырғыш элементтердің, газды конфоркалардың және т. б. жанына тақап қоймаңыз.
- Құрылғыны ылғалдың, жылудың және ашық жалын көздерінен алшақта, тұрақты да ыстыққа төзімді бетке орналастырыңыз.
- Жұмыс істеп тұрған кезінде құрылғыны қараусыз қалдыруға болмайды.
- Қолданып болған соң және тазалау кезінде құрылғыны өшіру керек.
- Тазалағанда және сақтауға қояр алдында құрылғы толықтай салқындағандығына көз жеткізіңіз.
- Құрылғыны пайдаланар алдында қуаттау сымын толықтай түзеп алыңыз.
- Электр тогымен жарақаттануға жол бермеу үшін құрылғыны, оның қуаттау сымын немесе ашасын сұға және басқа сұйықтықтарға салуға болмайды.
- Қуаттау сымын үстел тақтасының шетінде майыстырып немесе ыстық бетке тигізіп орнатпаңыз.
- Бұл құрылғы тек тұрмыстық мақсаттарда пайдалануға арналып жасалған.
- Аспапты бөлмелерден тыс жерлерде пайдаланбаңыз.
- Бұл құрылғы балалардың және физикалық, сенсорлық немесе ақыл-ой қабілеттері шектеулі адамдардың пайдалануына, тек олардың қауіпсіздігіне жауапты бақылау жүргізетін басқа жандар жүзеге асырған жағдайларды қоспағанда пайдалануына арналып жасалмаған. Балаларға құрылғымен ойнауға рұқсат бермеңіз.
- Жерге құлағаннан кейін, сондай-ақ аспаптың немесе электрмен қуаттау сымының көзге көрінетін зақымдануы болған кезде құрылғыны пайдалануға болмайды. Авторизацияланған сервистік орталыққа хабарласыңыз.

- Сытқы таймерлерді және қашықтан басқару жүйелерін қолданбаңыз.
- Тек түпнұсқалы керек-жарақтарын пайдаланыңыз.
- Электр тоғынан жарақат алуға жол бермеу үшін құрылғыны өзіңіз бөлшектеп аспаңыз. Бұл құрылғының құрамында пайдаланушы өзі қызмет көрсететін элементтер жоқ, авторизацияланған сервистік орталыққа хабарласыңыз.
- Өртке жол бермеу үшін құрылғыны жылдам тұтанатын материалдар мен объектілерге (мысалы, шымылдықтарға) жақын орналастырмаңыз.

Техникалық сипаттамалар

- Сауда белгісі:
- Моделі: BLN-3.
- Қуаттау параметрлері: 220–240 В ~ 50/60 Гц.
- Қуаты: 600 Вт.
- Құймақтың диаметрі: 200 мм.
- Күйдірмейтін жабыны.
- Корпусының материалы: пластик.
- Ылғалдан қорғау дәрежесі: IPX0.
- Электр тоғының соғуынан қорғау класы: I.
- Қуат сымын бекіту түрі: Y.
- Қолданылу аясы: тұрмыстық.



Құрылғының сұлбасы

1. Құрылғының корпусы.
2. Жарық индикатор.
3. Сабы.
4. Жұмыс беті.
5. Тәрелке.

Пайдалану нұсқаулығы

1. Алғаш қолданар алдында құрылғыдан барлық орауыш материалдарды алып тастаңыз, құрылғының жұмыс бетін дымқыл шүберекпен, содан кейін құрғатып сүртіңіз.
2. Құрылғыны тегіс тұрақты бетке орналастырыңыз.
3. Жұмыс бетін сары маймен немесе өсімдік майымен майлаңыз.
4. Құрылғыны желіге қосыңыз, жарық индикатор жанады.
5. Дайын болған қою қамырды арнаулы тәрелкесіне аударып құйыңыз.
6. Құймақ пісіргіш табаны тәрелкеге 3 секундқа батырыңыз.
7. Аударыңыз.
8. Құймақ тиісті түске өзгерген кезде аударыңыз.
9. Дайын болған құймақты алыңыз, оны ыдысқа салыңыз да, майды жағыңыз немесе оған пісіруге арналған қағазды салыңыз.
10. Пісіріп болғаннан кейін құрылғыны желіден ажыратыңыз.

Қызмет көрсету және күтім жасау

1. Құрылғы желіден ажыратылып, толықтай салқындағанына көз жеткізіңіз.
2. Дымқыл шүберекті және қағаз сүлгілерін қолдана отырып, күйдірмейтін жабынды тазалаңыз.
3. Сіңіп кеткен тұрақты ласты кетіру үшін бірнеше тамшы өсімдік майын қосыңыз немесе ластанған аймақты аз мөлшерде 5 минутқа суда жібітіңіз.
4. Құрылғыны мұқият құрғатыңыз.
5. Қырнағыш заттарды және метал ысқылағыш сымдарды пайдаланбаңыз, олар жұмыс бедеріне және құрылғының корпусына зақым келтіруі мүмкін.
6. Құрылғыға күтім жасау үшін аса қатты химиялық ерітінділерді пайдалануға болмайды.
7. Құрылғыны, оның қуаттау сымын тазалау мақсатымен суға батырмаңыз.

Сақтау

- Қуаттау сымын корпусының астыңғы бөлігіне орап тастап, құрылғыны аяқтарымен орнықтырып қойып сақтаңыз.
- Құрылғының үстіне басқа заттар қоюға болмайды.

Монтаждау, сақтау, тасымалдау (көлікпен), сату және кәдеге жарату ережелері және шарттары

- Құрылғы қандайда бір монтаждауды немесе тұрақты бекітуді талап етпейді.
- Құрылғының сақталуы өндірушінің және тұтынушының жылытылып тұратын панажайларында өндірушінің қаптамасында 5 °C бастап 40 °C дейінгі температурада және ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 80 %-дан аспайтын жерлерде жүргізілуі тиіс. Панажайларда тотығуды туындататын агрессивті қоспалар (қышқылдардың, сілтілерді булары) болмауы тиіс.
- Құрылғыны құрғақ ортада тасымалдау керек.
- Құрылғы мұқият күтім жасауды қажет етеді, оны шаңның, ластың, соққылардың, ылғалдың, оттың және т.б. әсерінен сақтаңыз.
- Құрылғы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес сатылуы тиіс.
- Бұйымның қызмет ету мерзімі аяқталғаннан кейін оны қарапайым тұрмыстық қоқыспен бірге тастауға болмайды. Оның орнына, ол федералды немесе жергілікті заңнамаға сәйкес қайта өңдеу және қайта өңдеу үшін электрлік және электронды жабдықты тиісті қабылдау бекетіне қайта өңдеуге жіберіледі. Осы бұйымды дұрыс кжоюды қамтамасыз ете отырып, сіз табиғи ресурстарды үнемдеуге және қоршаған ортаға және адамдардың денсаулығына зиян келтірмеуге көмектесесіз. Бұл бұйымды қабылдау және жою бекеттері туралы қосымша ақпаратты жергілікті муниципалды органдардан немесе тұрмыстық қалдықтарды шығаратын кәсіпорыннан алуға болады.
- Құрылғыда ақаулық анықталған жағдайда дереу авторизацияланған сервистік орталыққа жүгініп хабарласыңыз немесе құрылғыны кәдеге жаратыңыз.

Қосымша ақпарат

Өндіруші: НИНБО БЭЙКЛОН ЭЛЕКТРИКАЛ ЭППЛАЙЕНС КО., ЛТД.
№488 Цие Чжоусян Цыси шығыс тас жолы, Нинбо қ., Чжэцзян пров., Қытай.

Импортер / юр. лицо, принимающее претензии в Республике Казахстан:
ТОО «ДНС КАЗАХСТАН», г. Астана, р-н Сарыарқа, пр-т Сарыарқа, зд. 12, Республика Казахстан.

Импорттаушы / Қазақстан Республикасында талаптар қабылдайтын заңды тұлға: «DNS QAZAQSTAN (ДНС КАЗАХСТАН)» ЖШС, Астана қ-ы, Сарыарқа ауданы, Сарыарқа д-лы, 12 ғ-т, Қазақстан Республикасы.

Адрес электронной почты / электронды пошта мекен-жайы: info@dns-shop.kz

Қытайда жасалған.

Тауар КО ТР (ЕАЭО) талаптарына сәйкес келеді.

Бұйымның сыртқы түр-сипаты және оның сипаттамалары алдын ала хабарланбай өзгерілуі мүмкін.

Құрылғының жиынтықтамасы алдын ала хабарланбай өзгертілуі мүмкін.

Өндіріс күні пайдаланушы нұсқаулығының орыс тіліндегі нұсқасында көрсетілген.



Кепілдік талоны

SN/IMEI: _____

Кепілдікке қойылған күні: _____

Өндіруші бүкіл кепілдік мерзімі ішінде құрылғының үздіксіз жұмыс істейтініне, сондай-ақ материалдар мен құрастырымда ақаулар болмайтынына кепілдік береді. Кепілдік мерзімі бұйымды сатып алған сәттен бастап есептеледі және тек жаңа өнімдерге ғана қолданылады.

Кепілді қызмет көрсетуге пайдаланушы нұсқаулығының шарттарына сәйкес пайдаланылған бұйымның кепілдік мерзімі ішінде тұтынушының кінәсінен тыс істен шыққан элементтерін уәкілетті сервис орталықтарының аумағында тегін жөндеу немесе ауыстыру кіреді. Элементтерді жөндеу немесе ауыстыру уәкілетті сервис орталықтарының аумағында жүргізіледі.

Кепілдік мерзімі: 24 ай.

Пайдалану мерзімі: 36 ай.

Сервис орталықтарының өзекті тізімі мына адрес бойынша:

<https://www.dns-shop.ru/service-center/>

Егер тауардың жиынтықтылығына кіретін төменде атап өтілген керек-жарақтарды ауыстыру үшін бұйымды бөлшектеу қажет болмаса, кепілдікті міндеттемелер және тегін сервистік қызмет көрсету мыналарға қолданылмайды:

- ҚБП (Қашықтан басқару пультіне) арналған қуат элементтері (батареялар).
- Біріктіру кабельдері, антенналар және оларға ауыстырғыштар, құлаққаптар, микрофондар, «HANDS-FREE» құрылғылары; әр түрлі ақпарат тасығыштары, жиынтықта жеткізілетін программалық қамтым (ПҚ) және драйверлер (соның ішінде, бірақ аталғанмен шектелмей, бұйымның қатты магниттік дискілерінде жинақтағышқа алдын ала орнатылған ПҚ), сыртқы енгізу/шығару құрылғылары және манипуляторлар.
- Қаптар, сөмкелер, белдіктер, тасуға арналған баусымдар, монтаждау айла-бұйымдары, саймандар, бұйымға қоса берілген құжаттама.
- Шығыс материалдар және табиғи тозуға ұшырайтын бөлшектер.



Өндірушіге мынадай жағдайларда кепілдікті міндеттемелер жүктелмейді:

- Кепілдік мерзімі өтіп кетті.
- Егер жеке (тұрмыстық, отбасылық) қажеттіліктерге арналған бұйым кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру үшін, сондай-ақ оның тікелей арналуына сәйкес келмейтін өзге мақсаттарда пайдаланылса.
- Өндіруші бұйым иесі және/немесе үшінші тұлғалар бұйымды пайдалану кезінде пайдаланушы нұсқаулығының талаптарын бұзу салдарынан, бұйымды орнату және оған қызмет көрсету бойынша ұсынымдарды, бұйымды қосу (тиісті емес желілік кернеу бұйымның өзіне де, онымен түйіндес бұйымдарға әсер етуінің нәтижесінде де пайда болған қысқа тұйықталулар), сақтау және тасымалдау ережелерін сақтамау салдарынан шектен тыс материалдық, моралдық және өзге зиян үшін жауапкершілік көтермейді.
- Механикалық зақымданудың барлық жағдайлары: сынықтар, жарықтар, деформациялар, соққы іздері, майысқан жерлер және бұйымды пайдалану барысында болған т.б. зақымданулар.
- Түрлендірулерді, рұқсат етілмеген жөндеулерді осындай жұмыстарды жүргізуге уәкілетті емес адамдар жүргізген жағдайлар. Егер ақаулық конструкцияны немесе бұйымның схемасын өзгерту, Өндіруші қарастырмаған сыртқы құрылғыларды қосу, Қазақстан Республикасының заңнамасына сай сәйкестік сертификаты жоқ құрылғыны пайдалану салдарынан туындаған болса.
- Егер ақаулық тежеусіз күш әсерінен (табиғи апаттардан, өрттерден, су тасқындарынан, жер сілкіністерінен, тұрмыстық факторлардан және Өндірушіге байланысты емес өзге жағдайлардан), немесе Өндіруші болжай алмаған үшінші тұлғалардың әсерінен туындаған болса. Ақаулық бұйымның толық немесе ішінара істен шығуына әкелген бұйымның ішіне бөтен заттар, бөгде денелер, заттар, сұйықтықтар, жәндіктер немесе жануарлар түсуінен, жемір орталардың, жоғары ылғалдылықтың, жоғары температуралардың әсерінен туындаған болса.
- Бұйымды сәйкестендіру (сериялық нөмірі) болмаса немесе сәйкес келмесе. Егер зақымданулар (кемшіліктер) зиянды программалық қамтымның әсерінен; бұйымның программалық ресустарына қатынай алмауға әкеп соққан құпиясөздерді (кодтарды) орнатудан, ауыстырудан немесе жоюдан, ПҚ жеткізушісі оларды арылту/қалпына келтіру қызметін көрсетпейтіндіктен, ондай мүмкіндіктің болмауынан туындаған болса.
- Егер жұмыс ақаулықтары қуат бергіш, кабель желілерінің, телекоммуникациялық желілердің стандарттарына немесе техникалық регламенттеріне, радиосигнал қуатына сәйкес келмеуінен, оның ішінде жер бедерінің ерекшеліктерінен және басқа ұқсас сыртқы факторлардан, бұйымды желінің қамту шекарасында немесе аймағынан тыс пайдаланудан туындаған болса.
- Егер зақымданулар стандартты емес (түпнұсқа емес) және/немесе сапалы емес (зақымдалған) шығыс материалдарды, керек-жарақтарды, қосалқы бөлшектерді, қуат элементтерін, әртүрлі ақпарат тасығыштарын (оның ішінде CD, DVD дискілерін, жад карталарын, SIM карталарын, картридждерді) пайдаланудан туындаған болса.
- Егер кемшіліктер үйлесімді емес контентті (әуендер, графика, видео және басқа файлдар, Java қосымшалары және оларға ұқсас программалар) алу-дан, орнатудан және пайдаланудан туындаған болса.
- Осы бұйыммен түйіндес жұмыс істеп тұрған басқа жабдыққа келтірілген залалға.



